



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТІРЛІГІ

Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

3-деңгейдегі СМЖ құжаты

2015 жылғы «__»
_____ № 1 редакция

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015

**6D051800 – «Жобаларды басқару»
МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ
МН 029.04.12-02.1.20.03-2015**

Алматы 2015

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «___» _____ № 1 редакция	13 беттің 3 - беті
------------------------------	--	--------------------

Алғы сөз

1 Экономика және бизнес институты «Жобаларды басқару» кафедрасында
ДАЙЫНДАЛҒАН

ЖБ кафедрасының меңгерушісі _____ Г. Мұханова
«___» _____ 2015ж.

2 КЕЛІСІЛГЕН

Оқу-әдістемелік жұмыс және халықаралық
байланыстар жөніндегі проректор _____ С.Жүсіпбеков
«___» _____ 2015ж.

Академиялық мәселелер департаментінің
директоры _____ А. Сапаров
«___» _____ 2015ж.

ЭжБ институтының директоры _____ С. Әбдіғаппарова
«___» _____ 2015ж.

Ішкі аудит департаментінің директоры _____ Б. Каленова
«___» _____ 2015ж.

СМЖ үйлестіру бөлімінің бастығы _____ А. Сауранбаева
«___» _____ 2015ж.

Оқу-әдістемелік бөлім бастығы _____ М. Сәндібеков
«___» _____ 2015ж.

Заң және құжаттар бөлімінің бастығы _____ Б. Туткина
«___» _____ 2015ж.

Мемлекеттік тілді дамыту
басқармасының бастығы _____ М. Мұнара
«___» _____ 2015ж.

3 Университеттің ҒӘК мәжілісінде **БЕКІТІЛДІ**

4 Бірінші рет енгізілді **ЕНГІЗІЛДІ**

Қол	өзірлеген:	Қол	Келісілді:	Қол	Бекітілді:
-----	------------	-----	------------	-----	------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «_____» _____ № 1 редакция	13 беттің 4 - беті
------------------------------	--	--------------------

МАЗМҰНЫ

1	Экономика және бизнес институты туралы жалпы ақпарат	2
2	6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы	4
3	6D051800 – Жобаларды басқару мамандығының мақсаты мен міндеттері	6
4	Білім беру технологиялары	7
5	Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстары (ДФЗЖ)	7
6	Докторант практикасы (зерттеу, педагогикалық)	8
7	Докторанттың шетелдік ғылыми тағлымдамасы	9
8	6D051800 «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша PhD докторанттардың диссертациялық жұмыстарына қойылатын талаптар	9
9	6D051800 – Жобаларды басқару мамандығы бойынша оқу нәтижелері	9
10	Мамандықтың ПОӘК	10

Өзгерістерді тіркеу парағы

Қол	өзірлеген:	Қол	Келісілді:	Қол	Бекітілді:
-----	------------	-----	------------	-----	------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «_____» _____ № 1 редакция	13 беттің 5 - беті
------------------------------	--	--------------------

1 Экономика және бизнес институты туралы жалпы ақпарат

Экономика және бизнес институтының 50 жылға жақын тарихы бар. Оның құрылуында төмендегі оқиғалардың маңызы зор.

Өткен ғасырдың 60-жылдарында Қазақстан экономикасы инженер-экономика саласында жоғары мамандандырылған кадрларды қажет етті. Осыған байланысты 1964 жылы тау-кен және металлургия факультеттерінде төмендегі мамандықтар бойынша бірінші курс студенттері қабылданды: тау-кен өнеркәсібіндегі инженер-экономистер (ТӨИ) және металлургия өнеркәсібіндегі инженер-экономистер (МӨИ). Барлығы 50 адам қабылданды.

1966 жылы ҚазПТИ-дың ректоры, профессор Г.И. Есіркегеновтің қолдауымен жоғарыда аталған екі мамандықтың негізінде Одақ пен Республиканың халық шаруашылығына инженер-экономист кадрларды даярлау мақсатында инженерлік-экономикалық факультеті (ИЭФ) құрылды.

1972 жылы ИЭФ факультеті өндіріс өнеркәсібі мен құрылыс саласын ұйымдастырушы кадрларды даярлау факультеті болып қайта құрылды. Осы факультетте ҚСРО мемлекетінің барлық аймақтары үшін өндіріс және құрылыс салаларына мамандар даярланып, 4500-ден астам жетекші және арнайы мамандар білім жетілдіру мен қайта даярлау курстарынан өтті.

Қазақстан мемлекетінің егеменділік алуына байланысты факультет нарық ырығының үдерісіне көшті. 1991 жылы осы факультеттің негізінде Менеджмент және бизнес факультеті құрылды. Ол факультет 1993 жылы Экономика және басқару факультеті болып қайта құрылды.

2000 жылы университеттің аты өзгеруіне байланысты факультет «Инженерлік-экономикалық институты» болып қайта құрылды.

Қазақстан Республикасының «тұрақты даму» қағидаларының тұжырымдамаларының маңыздылығын ескере отырып, 2002 жылдың 8 желтоқсанында Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың Инженер-экономика институтының негізінде Экология-экономика институты ашылды. 2006 жылы бұл екі институт жеке бөлінді. Соның бірі Экономика және бизнес институты болды.

Бүгінгі таңда Экономика және бизнес институты Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың жетекші оқу және ғылыми бөлімшесі.

Институт төмендегі міндеттерді жүзеге асырады: Қазақстан Республикасына экономика саласы бойынша заман ағымына сай білімдермен және практикалық дағдылармен қаруланған, күрделі басқару мәселелерін шеше алатын, қазіргі заман технологияларын меңгерген, нарық экономикасының заңдарын білетін мамандар дайындау.

Экономикалық бағыттағы мамандарды даярлау бағыттарының көкейтестілігі келесі мәселелермен сипатталады: ҚР индустриялы-инновациялау жағдайында өндірісті ұйымдастырудың өзара байланыс және өзара әрекеттестік формаларын жетілдіру, сонымен қатар нақты әлеуметтік экономикалық дамуда олардың қодану әдістерінің аясын кеңейту. Осыған байланысты экономикалық дамуда олардың қолдану әдістерінің аясын кеңейту. Осыған байланысты экономика саласындағы кәсіби білімдерді меңгеру, олардың өндірістегі рөлі, олардың негізділігін бақылау экономикалық бағдардағы мамандарды даярлаудың қажетті шарты болып табылады.

Институт құрамында «Өндіріс экономикасы», «Өндірістегі менеджмент және маркетинг», «Логистика және бағалау», «Қаржы», «Проектілерді басқару» секілді бес кафедра және «Бизнес мектебі» мен «Экономикалық зерттеулер орталығы» бар.

Қол	өзірлеген:	Қол	Келісілді:	Қол	Бекітілді:
-----	------------	-----	------------	-----	------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «_____» _____ № 1 редакция	13 беттің 6 - беті
------------------------------	--	--------------------

Институтта 96 оқытушы, соның ішінде ҚР ҰА-ның 2 академигі, басқа академиялардың 5 академигі, 16 ғылым докторы мен профессорлар, 50 ғылым кандидаты мен доценттер, 4 PhD докторы жұмыс істейді. Сонымен қатар оқу мен ғылыми жұмыстарға басқада оқу орындары мен өндірістердің ғалымдары мен тартылған. Жалпы білім беретін пәндер циклы Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың тиісті кафедралары арқылы қамтамасыз етіледі.

Институт ғалымдары экономиканың әртүрлі саласы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асырады, көптеген мемлекеттік органдардың, ірі өндіріс орындарының, басқару, маркетинг, қаржыландыру, индустриализациялау, инновациялық даму, заңдық, нормативтік-техникалық мәселелеріне және бизнес-құрылымдарының ғылыми-өндірістік зерттеулеріне белсенді қатысады.

Институтта оқыту-бакалавриат-магистратура- докторантура (PhD) үш сатылы жүйе бойынша жүргізіледі. Бакалавриат бағдарламасы бойынша мамандар даярлау келесі мамандықтарда іске асырылады:

- 5B050600 – Экономика
- 5B050700 – Менеджмент
- 5B050800 – Есеп және аудит
- 5B050900 – Қаржы
- 5B051100 – Маркетинг
- 5B090800 – Бағалау
- 5B051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару
- 5B050809 – Логистика.

Осы жоғарыда көрсетілген бакалавр академиялық дәрежесін алушы түлектер басқару жүйесіндегі орта буын басшылық ету қажетті білім мен практикалық дағдыларды меңгереді.

Экономика және бизнес институтында Америкалық білім консорциумы мен Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ арасындағы бас келісімнің негізінде Халықаралық білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды бірге даярлау істері жүзеге асуда. Оқу аяқталғаннан кейін бітіруші түлектер «Экономика» (мұнай және газ), «Менеджмент» (мұнай және газ) мамандықтары бойынша ҚР мемлекеттік дипломы мен Солтүстік Вирджини америка университетінің дипломын алады.

Экономика және бизнес институтында 6M050600 – экономика, 6M050700 – менеджмент, 6M050300 – қаржы, 6M051100 – маркетинг, 6M090800 – бағалау, 6M051800 – жобаларды басқару, логистика (сала бойынша), 6M051700 – инновациялық менеджмент, 6M052000 – іскеру әкімдендіру мамандықтары бойынша магистратура бар.

«Экономика» мамандығы бойынша Кипрдегі америка университетімен бірлескен халықаралық бағдарламадағы докторантура (PhD) бар. Магистратураны бітірушілер ұйымдардағы жоғары сатыдағы қызметкер бола алады немесе жоғары оқу орындарында оқытушы қызметін атқара алады.

ЭБИ-де халықаралық деңгейдегі элиттік білім алуға барлық жағдайлар жасалған. Институт кафедраларының материалдық – техникалық базалары заман ағымына сай, оқу пәндерінің каталогтарында бакалавр мамандығы бойынша 8 және магистратура мамандығы бойынша 9 міндетті және элективтік пәндер ендірілген. Ол пәндер студенттер экономика бағыты бойынша өздерінің траекторияларын таңдай алады.

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті 2008 жылдан бастап 6M051800 – жобаларды басқару мамандығы бойынша магистрлер даярлайды. Ол жобаларды басқару кафедрасы мен ҚР жобалау менеджерлері одағының қолдауымен ашылған жобаларды басқару кафедрасы 2014 жылы Халықаралық ақпараттану академиясының академигі, т.ғ.д., профессор А.Ф.

Қол	өзірлеген:	Қол	Келісілді:	Қол	Бекітілді:
-----	------------	-----	------------	-----	------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «_____» _____ № 1 редакция	13 беттің 7 - беті
------------------------------	--	--------------------

Цеховойдың басшылығымен ашылған. Магистратураның мақсаты-мемлекеттік секторлар мен жеке бизнестегі проектiлердi басқару мәселелерiн жүзеге асыра алатын, элиттік басқару кадрларын даярлау.

6M051800 – жобаларды басқару мамандығын бітіруші магистранттар 1,5 жылдық оқу мерзімі бойынша экономика және бизнес магистрі, ал 2 жылдық оқу мерзімі бойынша экономикалық ғылымдар магистрі (жоғары оқу орындарында оқытушы болуға құқы бар) академиялық дәрежесін алады.

2010 жылы кафедрада ҚР білім және ғылым министрінің бұйрығымен 6D051800 – жобаларды басқару мамандығы бойынша PhD докторантурасы ашылды. Кафедра оқытушылары проектiлердi басқару бойынша ЖМБС, магистратура мен PhD докторантура үшін типтік оқу жоспарлары, жұмыс оқу бағдарламалары мен силлабустар жасады.

Кафедра оқытушыларының барлығы жобаларды басқару бойынша базалық курстан өтті, ғылыми жарияланымдары бар, әртүрлі симпозиумдар мен конференцияларда баяндамалар жасады. Кафедраның негізгі ғылыми-зерттеу бағыты автоматтандырылған жобалардың ақпараттық технологияларын жасау, өндіріс орындарын басқару мен жоспарлау, мониторингінің ақпараттық технологияларын, берілген базалардың эксперттік жүйелерін құру, сонымен қатар «Нақты инновациялық технологияларды басқару бойынша теориялық және қолданбалы зерттеулер кешенін» құру.

«Жобаларды басқару» кафедрасының құрамында екі техникалық, бір экономикалық, бір геология–минералогия ғылым докторлары, алты доцент, оның ішінде үш техника, екі экономика және бір философия ғылымдарының кандидаты жұмыс істейді. 01.09.2015 жылы кафедра оқытушыларының ғылыми дәрежесі 84 пайызға жетті.

Қазіргі уақытта 6M051800 және 6D051800 – мамандықтары бойынша кафедрада 30 магистрант мен 13 докторант бар.

2 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы

Жалпы мәліметтер

6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша PhD докторларын даярлау 2013 жылы бекітілген (16.08.2013 жылдың №343 бұйрық) типтік оқу жоспарына сәйкес орындалуда.

Докторантурада жоғарғы академиялық дәреже беру бойынша ғылыми кадрларды даярлау екі бағытта жүргізіледі. Олар:

Философия докторы (PhD)

бейіндік доктор.

Философия докторын (PhD) даярлаудың білім беру бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағытқа ие. Ол жоғары білім мен одан кейінгі білім алу жүйелері мен ғылыми-зерттеу салалары үшін іргелі білім беру, методологиялық және зерттеу жұмыстарына даярлау, сәйкес бағыттағы пәндерді терең оқыту мәселелерін жүзеге асырады.

Бейіндік доктор даярлаудың білім беру бағдарламасы докторанттарды іргелі білім алуға тәрбиелейді, методологиялық және зерттеу жұмыстарына даярлайды: ұлттық экономикалық және әлеуметтік (білім беру, денсаулық, құқық, өнер, қызмет көрсету, бизнес және т.б.) салаларындағы пәндерді терең оқытады.

Бұл білім беру бағдарламаларының ерекшелігі олардың қолданбалы сипатта болуы. Бейін бойынша докторларды даярлау нақты саладағы ғылымдарды қамтиды, мысалы:

Td.D – білім докторы;

Қол	өзірлеген:	Қол	Келісілді:	Қол	Бекітілді:
-----	------------	-----	------------	-----	------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «_____» _____ № 1 редакция	13 беттің 8 - беті
------------------------------	--	--------------------

М.Д. – денсаулық докторы;
 VD – ветеринария докторы;
 JD (LLD) – юриспруденция (құқық) докторы;
 DMP – музыканы орындау шеберлігінің докторы;
 DM – музыка докторы;
 DBA – әкімшілік іс докторы;
 DS – техникалық ғылымдар докторы;
 DCS – коммерциялық ғылымдар докторы.

Философия докторы (PhD) мен бейіндік докторларды даярлау келесі мәселелермен жүзеге асырылады:

- ҚР мамандарға жоғары және одан кейінгі білім беру классификаторы;
- Оқу бағдарламалары мен әдістемелік құжаттар;
- Докторанттардың жеке жұмыс жоспарлары;
- Белгілі бір тәртіппен бекітілген басқа құжаттар.

Докторантура бойынша білім беру бағдарламасын меңгерген тұлғаларға «философия докторы» (PhD) және «бейін бойынша доктор» жоғары академиялық дәрежесі беріледі.

Кәсіби іс-әрекеттер объектілері

Философия докторы (PhD) мамандығын бітіруші докторлардың кәсіби іс-әрекеттерінің объектілері:

- Ғылыми-зерттеу ұйымдары;
- Жоғары білім беретін мекемелер;
- Эксперттік және консалтингтік компаниялар;
- Мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер департаменттері;
- Компаниялар мен фирмалар;
- Жобаларды басқару ұйымдары мен фирмалардың бөлімдері.

Кәсіби іс-әрекет түрлері

Философия докторы (PhD) кәсіби іс-әрекеттердің келесі түрлерін орындай алады:

- Педагогикалық;
- Жобалық;
- Ғылыми-зерттеу;
- Эксперименттік-консалтингтік.

Экономика және бизнес докторы кәсіби іс-әрекеттердің келесі түрлерін орындай алады:

- Ұйымдастыру-технологиялық;
- Есептеу-жобалық;
- Ұйымдастыру-басқару.

Оқу мерзімі.

Докторантураның білім беру бағдарламасын меңгерудің нормативтік ұзақтылығы:

- Философия докторы үшін 3 жыл;
- Бейіндік докторы үшін 3 жыл.

Докторантурада білім алу процесін аяқтаудың негізгі критерийі докторанттардың оқу кредиттерінің саны 75 кредиттен кем болмауы тиіс. Ғылым кандидаты ғылыми атағы бар тұлғалар үшін теориялық оқу 30 кредиттен кем болмауы тиіс.

Қол өзірлеген:	Қол Келісілді:	Қол Бекітілді:
-------------------	-------------------	-------------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «_____» _____ № 1 редакция	13 беттің 9 - беті
------------------------------	--	--------------------

Докторанттарға осы ғылым саласында белсенді жұмыс атқаратын, ғылыми жетекшілік тәжірибесі бар ғылым докторлары мен кандидаттары жетекшілік етеді. Олардың саны 2 адамнан кем болмауы тиіс, біреуі шетелдік жетекші ғылым болмауы, біреуі шетелдік жетекші ғалым болуы тиіс. Сонымен қатар, философия докторы немесе сала докторы ғылыми атағы бар, осы бағытта белсенді жұмыстар жүргізетін ғалым жетекші (консультант) бола алады.

3 6D051800 – Жобаларды басқару мамандығының мақсаты мен міндеттері

6D051800 – Жобаларды басқару мамандығы бойынша білім берудің негізгі мақсаты – өзінің кәсіби білімдері, дағдылары мен іскерліктерін мемлекеттік немесе жекеменшік басқармаларда және қоғамдық, ғылыми-зерттеу ұйымдарында жүзеге асыра алатын, жобаларды басқару саласындағы жан-жақты білімді, интеллектуальды дамыған докторларды дайындау.

6D051800 – жобаларды басқару мамандығы бойынша білім берудің негізі міндеттері төмендегідей:

- ҚР-ғы жобаларды басқару менеджментінің міндеттерін шешу;
- Жобаларды басқару бойынша Мемлекеттік стандарттарды жасау және оларды жетілдіру;
- Ұйымдар мен компаниялардағы жобалау іс-әрекеттерін жүзеге асыру;
- Оқытушылық іс-әрекеттерді жүзеге асыру;
- Мемлекеттік және өндіріс салаларындағы жобаларды басқару;
- Эксперттік және консалтингтік қызметтер көрсету.

4 Білім беру технологиялары

Лекциялар

Лекция – оқу материалдарын жүйелі түрде ауызша баяндау.

Практикалық сабақтар

Практикалық сабақтар – теориялық білімдерді іс жүзінде жүзеге асыру және қолдана білу мәселелері бойынша оқытушылар мен білім алушылардың арасындағы аудиториялық жұмыс түрі.

Семинар сабақтары

Семинар сабақтары бұл оқытушының басшылығымен білім алушыларды баяндама немесе хабарлама жасауға даярлайтын қоғамдық пәндер бойынша өтетін топтық оқу сабағының түрі.

Лабораториялық сабақтар – бұл білім алушылардың теориялық білімдерін тереңдететін және олардың эксперименттік дағдыларын дамытатын аудиториялық практикалық жұмыстардың түрлері.

ДӨӘЖ

Мұндай өзіндік жұмыс түрлерін докторанттар оқытушының басшылығымен арнайы график бойынша өткізеді. Оған төмендегі мәселелер енеді:

- Докторанттарға қиыншылық тудыратын кейбір пәндердің бөлімдері бойынша қосымша жеке консультациялар өткізу;
- Өзіндік жұмыстарды (рефераттар, үй тапсырмалары, есептеу-графиктік тапсырмалар, семестрлік тапсырмалар, курстық жұмыстар мен жобалар және т.б.) қабылдау мен қорғау бойынша кеңес өткізу;
- Бақылау жұмыстарын өткізу;
- Коллоквиумдер қабылдау;
- аралық және маусымдық бақылаулар өткізу.

Қол	өзірлеген:	Қол	Келісілді:	Қол	Бекітілді:
-----	------------	-----	------------	-----	------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «_____» _____ № 1 редакция	13 беттің 10 - беті
------------------------------	--	---------------------

Өзіндік жұмыстардың тапсырмалары мен материалдарын оқытушылар береді.

ДӨЖ

Докторанттардың өзіндік жұмыстары бір жағынан, оқытушылардың тікелей араласуынсыз жүзеге асырылатын жұмыс түрі мен оқу формасы; екіншіден, докторанттарды өзіндік тану іс-әрекетіне тартатын құрал болып табылады. Докторанттардың өзіндік жұмыстарының мазмұны формасы мен көлемі пәннің оқу методикалық кешені арқылы айқындалатын арнайы тапсырмалар мен тақырыптарды орындау арқылы анықталады.

5 Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстары:

- қорғалатын докторлық диссертация мамандықтың негізгі проблемасына сәйкес келуі тиіс;
- ғылыми жаналығы мен практикалық маңызы, көкейкестілігі болуы тиіс;
- ғылым мен практиканың заман талабына сай теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі тиіс;
- заманауи ғылыми зерттеу әдістерін пайдалана алуы тиіс;
- негізгі қорғау ережелеріне сәйкес диссертацияда ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдері болуы тиіс.

6 Докторант практикасы (зерттеу, педагогикалық)

Докторанттың практикасы жоғары дәрежелі мамандық алудағы мамандардың кәсіби даярлықтарының маңызды бөлігін құрайды. Докторант практиканы оның базасы болып табылатын ұйымдарда, өндіріс орындарында, жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында, мекемелерде және т.б. өткізеді. Ғылыми-педагогикалық докторантураның (PhD) білім беру бағдарламасында практиканың зерттеу және педагогикалық түрлері енеді.

Зерттеу практикасы отандық және шетелдік теориялық, әдіснамалық, технологиялық жаңа жетістіктерді оқып-үйрену мақсатында жүргізіледі. Сонымен қатар, диссертациялық мақсатында жүргізіледі. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеудегі ғылыми нәтижелерді практикада қолдана білуді жүзеге асырады. Зерттеу практикасының мазмұны докторанттың диссертация тақырыбына сәйкес айқындалады. Зерттеу практикасын өткізу мерзімі мен бағдарламасы практика басталардан бір ай бұрын практика өтетін базалармен келісіледі. Докторанттардың зерттеу практикасы мамандықтың типтік оқу бағдарламасы сай докторанттың өзіндік жұмыс жоспарлары мен бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі. Докторанттардың зерттеу практикасы келісім – шарт бойынша ұйымдарда, өндіріс орындарында, мекемелер мен ғылыми-зерттеу институттарында жүзеге асырылады. Практикалық оқу-әдістемелік жетекшілік пен оны сапалы өткізуді бақылау докторант оқитын кафедрада жүзеге асады.

Кафедрада құрамына зерттеу практикасының міндеттері мен мақсаты, практикада орындалатын тапсырмалар түрі, практика бағдарламасын жасау талаптары, практика нәтижелерін өңдеу мен көркемдеу ережелері, практика бойынша есеп және т.б. енетін оқу дайындық жұмыстарын практикант-докторанттарға жүргізеді.

Докторанттың ғылыми жетекшісі докторантпен біріге отырып практиканың бағдарламасын жасайды, өз кезегінде кафедра практиканттарға қажетті оқу-әдістемелік құжаттармен қамтамасыз етеді.

Ғылыми жетекшімен келісілген зерттеу практикасын өтудің календарлық жоспары жасалынады. Университет ректорының бұйрығы бойынша жоғары оқу орны бойынша практика жетекшісі бекітіледі.

Қол	өзірлеген:	Қол	Келісілді:	Қол	Бекітілді:
-----	------------	-----	------------	-----	------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы « _____ » _____ № 1 редакция	13 беттің 11 - беті
------------------------------	--	---------------------

Университет бойынша практика жетекшісі практика басталмастан бұрын практикант-докторантқа қажетті дайындықтарды ұйымдастырады, практиканттардың есептерін қабылдайды, кеңес беру жұмысын жүргізеді, олардың жұмыстары туралы пікір береді, докторанттардың практикаға дайындықтарын жетілдіру дайындап кафедра меңгерушісіне ұсыныстар мен ескертпелер береді, жазба түрінде есеп береді.

Практика базасындағы практика жетекшісі практиканттардың қажетті материалдарды жинауларын қадағалайды, практиканттардың нақты өндіріс жағдайындағы кәсіби іс-әрекеттерін жүзеге асыра білудің сапасын бағалайды, практиканттардың практика бағдарламасы мен нақты тапсырмаларды орындаулары жайлы кәсіби мінездеме береді.

7 Докторанттың шетелге ғылыми тағлымдамасы

Докторанттың жеке жұмыс жоспарында шетелдік ғылыми тағлымдамадан міндетті түрде өту мәселесі қарастырылады (Ф ҚазҰЗТУ 706-31).

8 6Д051800 «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша PhD докторанттардың диссертациялық жұмыстарына қойылатын талаптар

Докторантураны бітірушілердің іргелі ғылыми және кәсіби даярлықтары болуы тиіс, жобаларды басқару бойынша заманауи ақпараттық технологияларды меңгеруі тиіс, заманауи ғылыми және практикалық проблемаларды шеше білулері тиіс, жобаларды басқару саласындағы ғылыми-зерттеу, эксперименттік-зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыра және жүргізе білулері тиіс, зерттеу және басқару іс-әрекеттерін жүзеге асыра алулары тиіс.

Арнайы пәндер бойынша докторантураның білім беру бағдарламасын меңгеру талаптары олардың оқу бағдарламаларымен айқындалады.

9 6Д051800 – Жобаларды басқару мамандығы бойынша оқу нәтижелері

5Д051800 – Жобаларды басқару мамандығы бойынша докторлық құзырлылыққа қойылатын талаптар

6Д051800 – Жобаларды басқару мамандығы бойынша доктордың:

- нарық жағдайында ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерін жоспарлау мен ұйымдастыру туралы, жобаларды басқару бойынша әлемдік практикада бар стандарттар жөнінде, білім салаларындағы жобаларды топтау жайында **түсініктері** болуы тиіс;

- жобаларды басқарудың теориялық және практикалық негіздерін және жобаларды басқаруға қажетті арнайы қолданбалы бағдарламалар жүйесін білуі тиіс;

- жобалардың сараптамасын жүргізу, мониторингті жүзеге асыру, бақылау, орындау, жоспарлау, жоба құжаттарын жасай алу секілді әрекеттерді білуі тиіс;

- ғылыми-зерттеу және оқытушылық әрекеттер, пән саласындағы талдаулар, желілік кесте, сабақ кестелері, жобаның бюджеті, тәуекелге бел байлау, жобаларды басқару бойынша жаңа ақпараттық технологиялары саласында өздік білім алу секілді дағдыларды меңгеруі тиіс;

- осы мамандық бойынша кәсіби іс-әрекеттерді жете білулері тиіс.

10 Мамандықтың ПОӘК

Қол	өзірлеген:	Қол	Келісілді:	Қол	Бекітілді:
-----	------------	-----	------------	-----	------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «_____» _____ № 1 редакция	13 беттің 12 - беті
------------------------------	--	---------------------

Пәннің оқу-әдістемелік кешені (ПОӘК) оқу жоспарына сай құрылады. ПОӘК-ның жазбаша нұсқасын ҚазҰЗТУ-дың ғылыми кітапханасынан, ал электрондық ҚазҰЗТУ-дың сайтынан (электрондық адресі www.kaznitu.kz) алуға болады.

№	Пәндердің аталуы	Кредиттер саны	орысша	қазақша	Автордың аты-жөні
1-курс, күздік семестр					
1	Жобаларды басқаруда модельдер мен әдістер	3	+		Султанбекова Ж.Ж.
2	Стратегияға бағыт. ұйым. функцион. талдау	3	+		Климова Т.Г.
3	Менеджменттің кәзіргі технологиялары	3	+		Нуртазина С.М.
4	Бизнес-инжинирингінің заманауи технологиялары	3	+		Султанбекова Ж.Ж.
5	Бизнесті ұйымдастыру	3	+		Касен К.Р.
6	Жобаларды басқару математикалық әдістері және модельдері	3	+		Султанбекова Ж.Ж.
7	Өндірістік менеджмент	3	+		Касен К.Р.
8	Мемлекеттік басқаруды тиімді бағалану	3	+		Цеховой А.Ф.
9	Жобаларды басқарудың регионалдық саясаты	3	+		Степанов А.В.
10	Интеллектуальді меншікті басқару	3	+		Тымбаева Ж.М.
11	Әлеуметтік менеджменттің жүйесің құру	3	+		Тымбаева Ж.М.
1-курс. Көктемгі семестр					
12	Ұйымның технологиялық кем.бағ.және дам	3	+		Климова Т.Г.
13	Қызметкерлер басқаруды ұйымдастыру	3	+		Климова Т.Г.
14	Программаларды басқару	3	+		Климова Т.Г.
15	Әлеуметтік салада жобаларды басқару	3	+		Муханова Г.С.
16	Жобалар бизнес-коржынын өндіру	3	+		Цеховой А.Ф.
17	Коммуникациялық арналарды ұйымдастыру жүйесі	3	+		Климова Т.Г.

Қол	өзірлеген:	Қол	Келісілді:	Қол	Бекітілді:
-----	------------	-----	------------	-----	------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015		2015 жылғы « _____ » _____ № 1 редакция			13 беттің 13 - беті	
18	Жобалар корж. және программа қауіп-қатерді басқару	3	+		Султанбекова Ж.Ж.	
19	Терр. кластерлік дамуын басқару	3	+		Лисенков А.А.	
20	Стратегияға бағыт. ұйымға мониторинг жүргізу практика	3	+		Нуртазина С.М.	
21	Жоба сапасын басқару жүйесі	3	+		Нуртазина С.М.	
22	Басқарылатын шешімдерді қабылдау әдістері	3	+		Султанбекова Ж.Ж.	
23	Ұйым мәдениеті	3	+		Тымбаева Ж.М.	
2-курс. Күзгі семестр						
24	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмыстары	5	+		Кафедра оқытушылары	
25	Ғылыми-педагогикалық практика(НПП)	3	+		Кафедра оқытушылары	
2-курс. Көктемгі семестр						
26	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмыстары	5	+		Кафедра оқытушылары	
27	Ғылыми-педагогикалық практика(НПП)	3	+		Кафедра оқытушылары	
3-курс. Күзгі семестр						
28	Докторлық диссертация орындау	2	+		Кафедра оқытушылары	
29	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмыстары	6	+		Кафедра оқытушылары	
3-курс. Көктемгі семестр						
30	Кешенді емтихан	1	+		Кафедра оқытушылары	
31	Докторлық диссертация орындау	8	+		Кафедра оқытушылары	
32	Докторлық диссертацияны ресімдеу және қорғау	3	+		Кафедра оқытушылары	

Өзгерістерді тіркеу парағы

өзірлеген: Қол	Келісілді: Қол	Бекітілді: Қол
-------------------	-------------------	-------------------

Өзгерістердің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгеріс түрлері (ауыстыру, күшін жою, қосу)	Хабарлама күні мен нөмірі	Өзгерту жасалынды	
				Күні	Аты-жөні, қолы, қызметі